«ESIL UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІ

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

Бекітілді
«Esil University» мекемесі
Ғылыми кеңесінің шешімімен
(№ 11 хаттама «25» 06, 2026 ж.)
Ғылыми кеңес төрағасы
_____ А. Таубаев

2026–2027 ОҚУ ЖЫЛЫНДА «ESIL UNIVERSITY» МЕКЕМЕСІНЕ ОҚУҒА ТҮСУШІ ТАЛАПКЕРЛЕР АРАСЫНДА ӨТЕТІН ОЛИМПИАДА ЕРЕЖЕСІ

E EsU 21-03

Астана
2026

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	3
2	Олимпиада қатысушылары	3
3	Олимпиада кезеңдері	3
4	Жобаларды бағалау	4
5	Жүлде қоры	4
6	Гранттар мен жеңілдіктерді беру шарттары	4
7	Қорытынды ережелер	5

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Ереже 2026–2027 оқу жылында «Esil University» мекемесіне (бұдан әрі – Esil University) оқуға түсуге ниетті талапкерлер арасында өткізілетін олимпиаданың тәртібін айқындайды.

1.2. Олимпиада дарынды талапкерлерді анықтау және қолдау, сондай-ақ университеттің білім беру бағдарламалары бойынша жеңілдетілген шарттармен оқу мүмкіндігін беру мақсатында өткізіледі.

1.3. Олимпиаданы ұйымдастырушы – Esil University PR-қызметі.

2. Олимпиада қатысушылары

2.1 Олимпиадаға 2026–2027 оқу жылында Esil University-ге кез келген білім беру деңгейіне (бакалавриат, магистратура, докторантура) түсуге ниетті мектеп, колледж түлектері және басқа да талапкерлер шақырылады.

2.2 Олимпиадаға қатысу тегін және ерікті болып табылады.

3. Олимпиада кезеңдері

3.1 Олимпиада екі кезеңде өткізіледі:

3.1. I кезең – Онлайн-тестілеу

- Университеттің онлайн-платформасында өткізіледі.
- Өткізу кезеңі: 2026 жылғы 4–11 тамыз аралығы.
- Жалпы білім беру сипатындағы және логикалық ойлауға арналған тапсырмаларды қамтиды.
- Тестілеу нәтижелері бойынша II кезеңге өтетін қатысушылардың тізімі қалыптастырылады.

3.2 II кезең – Бизнес-жоспар әзірлеу

- Қатысушылар жеке бизнес-жоспарын ұсынады.
- Өткізу күні: 2026 жылғы 12 тамыз, сағат 11:00-ден 13:00-ге дейін (офлайн форматта).
- Бизнес-жоспарлар идеяның өзектілігі, құрылымы, инновациялық деңгейі және қаржылық негізділігі критерийлері бойынша бағаланады.
- Бағалау мультимедиялық презентацияларсыз, тек жазбаша түрде жүргізіледі.

3.3 Нәтижелерді жариялау

- 2026 жылғы 14 тамызда олимпиада қорытындылары Esil University-дің ресми сайтында және әлеуметтік желілерінде жарияланады.
- Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге қосымша жеке хабарланады.

4. Жобаларды бағалау

4.1. Бағалауды сарапшы қазылар алқасы жүзеге асырады, оның құрамына Esil University Бизнес-инкубаторы мен PR-қызметінің қызметкерлері, кафедра меңгерушілері және профессорлық-оқытушылар құрамы кіреді.

4.2. Әрбір жоба балдық жүйе бойынша бағаланады, содан кейін қатысушылардың қорытынды рейтингі қалыптастырылады.

5. Жүлде қоры

5.1. Олимпиада жеңімпаздары келесі білім беру гранттары мен жеңілдіктерге ие болады:

- **1 орын — Барлық оқу кезеңіне толық грант (4 жыл) ***

2027 жылдың жазында Esil University қабылдау комиссиясында 3 ай бойы білім беру грантын өтеу.

- **2 орын — 1 академиялық оқу жылына грант ***

2027 жылдың жазында Esil University қабылдау комиссиясында 1 ай бойы білім беру грантын өтеу.

- **3 орын — оқуға 50% жеңілдік.**

Қосымша жүлделер: 1 оқу жылына оқуға 20%, 15%, 10%, 5% жеңілдіктер.

6. Гранттар мен жеңілдіктерді беру шарттары

6.1. Барлық гранттар мен жеңілдіктер тек 2026–2027 оқу жылында Esil University-ге түскен жағдайда ғана қолданылады.

6.2. Жеңімпаздар стандартты оқуға түсу рәсімінен өтуге міндетті: құжаттарды тапсыру, ҰБТ (немесе басқа қабылдау емтиханын) тапсыру, оқу туралы шартқа қол қою.

6.3. Білім беру гранттары мен жеңілдіктер ақшалай өтемақыға, айырбастауға немесе басқа тұлғаларға беруге жатпайды.

6.4. Конкурс келесі бағыттар бойынша өткізіледі:

- МЖБ (Мемлекеттік және жергілікті басқару)
- Экономика
- Информатика мұғалімі
- Математика мұғалімі
- Әлемдік экономика
- Digital-маркетинг
- Статистика
- Есеп және аудит

- Кеден ісі
- Экономикалық қауіпсіздікті құқықтық қамтамасыз ету
- Әлеуметтік жұмыс

7. Қорытынды ережелер

7.1 Осы Ереже және оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар Esil University Ғылыми кеңесінде бекітілген сәттен бастап қолданысқа енгізіледі.

7.2 Құжатқа аудит жүргізуге жауапты – PR бөлімі.

7.3 Сақтауға жауапты – Сапаны қамтамасыз ету және стратегиялық талдау бөлімі.

Келісім парағы

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
Студенттермен жұмыс жөніндегі декан	Күнгелдіқызы Ш.	22.06.26	
PR бөлімінің директоры	Алдаберген Е.К.	22.06.26	

Өзгерістерді тіркеу парағы

	Өзгерістер енгізу туралы өкімдік құжаттың атауы	Өзгерісті бекіту күні	Осы данаға өзгеріс енгізген		
			Құжаттауға жауапты адамның аты-жөні	Қолы	Күні